

Дауылды жыр

Ақын Қасым Аманжоловтың «Дауыл» атты жыйнағы қазақ поэзиясының ең үлкен табыстарының бірі десек асырып айтқан болмаймыз.

Жыйнаққа кірген өлеңдердің көпшілігі Ұлы Отан соғысына, сол тұстағы алуан түрлі тақырыптарға арналған. Мұнда ерлік, өжеттік, жауға өшпенділік, солдат күйі, сағыныш, қуаныш, күйініш — бәрі де бар. Бірақ, соның бәрінде ақын бақылаушы, көлденең кісі боп жырламайды. Өзі қатысқан, басынан өткізген солдат болып жырлайды. Өз түйсігін, өз сезімін ашына, беріле жырлайды. Ақын өлеңдерінің өзегі — советтік патриотизм. Оның туған жері — социалистік Қазақстан, туған елі — жанарған, жасарған қазақ елі. Осы елдің барлық табысы, жарық күні, жарқын жастығы, биік тауы, шалқыған өзені, күн озған сайын ілгерілеген өмірі — ақын махаббатының отты арқауы. Сол үшін де толқып, шалқып жырлайды.

«О, дариға, алтын бесік туған жер,
Қадіріңді келсем білмей кеше гөр.
Жата алмас ем топырағыңда тебіренбей,
Ақын болмай, тасың болсам мен егер» дейді ақын.

Осы бір шумақтың өзі түйсіксіз, махаббатсыз айтылған мың өлеңнен артық. Ақында Отанға деген қанатты махаббат бар. Онысыз «сүйдім» деген сөзді жүз қайталағанмен жүрекке дарымас еді. Бұл тақырып жыйнақтағы өлеңдердің көбінде кездеседі. Барлық жерде қайталақтасуы, құнарын қашырмайтын қуатпен, жаңа леппен айтылады. Ол «Қазақстан» деген өлеңіде астананың көшесін, тау, шырдарын, балғын гүлдерін, мектептегі оқушыларына дейін теріп, тебіреніп айта келіп, былай дейді:

«Тау қопарған, көлді көлге қотарған,
Нажағайлы қара бұлттан от алған,
Туған жердің салмақтап сом алтынын,
Содан ұғып келешегін халқымның
Жүрген жасты жырлап өтсем жоқ
арман.

Белинский: «Отанға арналған махаббат сонымен бірге адам баласына арналған махаббат болу керек» деген. Қасым поэзиясында осы хасиет бар. Ол отанын сүйе отырып, өз заманының жастарын жырлап өтуді арман етеді.

Ақын махаббаты бір жақты көрініп, ал ол махаббаттың керегінде кекке, көк семсерге айналғаны көрінбесе, көкіректі қақ жарып шыққан тұтанғыш сөздермен айтылмаса, оның да тұзы жеңіл соғар еді. Әресе, Отан соғысы тұсында туған өлеңдердің парқын кетіріп, нарқын бәсеңдетер еді. «Дауыл» жыйнағы бұл жағынан қарағанда да солдат ақынның жақсы кепілі болып жатыр.

Сыналар күні жігіттің!
Қош бол достым, сөз қысқа...» («Қоштасу») деп ақын 1941 жылы құшырланып аттанса, одан әрі:

«Өлім деген арсыз сөз,
Қайдан маған болдың кез?
Өлім — жауым, өмір — дос,
Неге өлейін бостан-бос!» — деп өзін өзі кекпен қайрап, ажал мен бейнет бөгеттерін аттап өтіп, ілгерілеп бара жатқанын көреміз. Көркем, суретшілікпен жазылған «Сары арқа», «Орал», «Байқал» сыяқты өлеңдер де сырғатты қарағанда табиғатқа, есте қалған тәтті сезімге, көріністерге арналған сыяқты болса да, шынында, аттаныс, жорық жырлары. Одан арғы: «Қан құйлы жау», «Подполковник Альпинге», «Үстімде сұр шинелім», «Сен едің мені айырган»,

Көтеріл, ел намыс туы! —

Деп ер ұлан бақты жауын,
Жарқ-жұрқ етіп жан ашуға».

Өлеңнің қай шумағын алсақ та осы дәрежеде. Тұтас, тұлғалы шыққан. Ақын мен кейіпкердің жаны тепе-тең. Расында да, әрбір сөз қыранның қанатынан, арыстанның ашуынан, жолбарыстың жүрегінен алынғандай. Сол хасиеттің арқасында ақын жүрегі жау жолына бомба болып жарылған. Жауын жаралай, қанын ағыза жарылған. Осы бір өлеңнің өзі Қасымды ең күшті ақынымыз етеді.

Жыйнақтағы көлем жағынан да, көркемдік-идея жағынан да бір көрнекті шығарма — «Біздің дастан» — Сталин туралы поэма. Бұл жас ақынның ақылы тоқтасқан, ой айтамын деген ересек кезінің белгісі сыяқты; сан өлеңдерде отанға, адамға арналған шынайы пікірдің, көңіл күйінің жыйнағы сыяқты. Мұнда да Қасымға тән ақындық күш бар. Поэма сюжетке құрылмай, ұлы көсемнің әрбір тарихи кезеңдердегі бейне, кыймылын баяндауға құрылған. Ақын көсем туралы жырлап отырып дәуірді, ұлы халқымызды кілең арна етіп ұстайды. Соның арқасында эпикалық қуат тапқан. Оның үстіне үлкен драмалық күші де бар. Ленин өлген кездегі январь суығы, халықтың қайғысы, Сталин жолдастың ант беруі осы пікірімізді растайды. Ал мұның алдындағы бөлім Октябрь революциясына арналған. Үшінші бөлім — ұлы Отан соғысын, соңғы бөлім — жеңісті жырлайды. Қай бөлімді алсақ та, халқымызды жеңіске бастаушы Сталин жолдас боп көрінеді. Бұл поэмада ақыға Маяковскийдің көрсеткен жәрдемі орасан зор. Әресе, Маяковскийдің Ленин атты поэмасының шығармалық ықпалы көбірек сезіледі. Ақын жаңа теңеу, оған сай сөздіктер табу, оларды пікірді күшейтуге арнап қалау жағынан ұлы ақыннан көп нәрсе үйренген. Мұндай мысалдарды, әресе, поэманың алғашқы екі бөлімінен барынша мол кездестіруге болады. Ленин өлгендегі халық күйігін ақын былай суреттейді:

«Темірді тесетіндей тағман жағасы,
Сылқ етіп түсіп қолдан ер балғасы, —
Токтаған машинадай тұрды тұнып
Жұмысшы, —
Төске құлап ауыр басы.
Күректің сабы енгендей жүрегіне
Сүйеніп шаруа тұрды күрегіне,
Сақалын ағартады аққан жасы,
Қонды кеп хасрет бұдты реңіне...»

Маяковскийден үйрену, үйрене отырып өзінше іздену деп осыны айтамыз. «Біздің Дастан» қазақ совет поэзиясының ең үлкен табыстарының бірі.

» »

Қасымның жыйнағы поэзия оқушыларына қуаныш бола шыққан мүлік. Сондықтан, біз де қуанып отырмыз. Қуана отырып «әттен» дейтін жеріміз де бар. Ақынның асылдарымен бірге жасық көрінігін заттары да бар.

Біріншіден ақын әлі толысқан архитектор емес. Сондықтан, өлеңдерінің құрылыстарында кедір-бұдырлықтар кездеседі. Поэзия материалын таңдап-талғап алып отырып, көп жерде сол әдетінен жаңыла береді. Осыған қарағанда асығыстығы да мол болу керек. «Бурабай толқындары» деген балладасын ақын өз жанының дауыл, толқындардан қуатты екенін жырлауға арнаған. Күшті жерлері де бар. Бірақ, нәрсіздігі басым жатыр. Теңеулерде дәлділік жоқ. Оны автор өзі де сезгендіктен үстелеп айтып жеткізем

ақынның піспегендігін дәлелдейтін қалыпта тұр. Жер көріністерін ала бажактарға теңей бергені болмаса, түк сыр жоқ.

«Көк қасқа Көкшетаудың бетегесі,
Сықылды сепкен алтын күн сәулесі..

Тағы бір жерінде:
«Сұлудың алтын гәуһар сырғасындай .
Көкшенің иығында шалқыйды айы...»

Одан кейін таудың төбесін сипаттап кел:

«Бұп-бұйра төбелері қызықтырар,
Сұлудың сұп-сүйкімді бөбегіндей» — деп соғады. Серігу, серпілу былай тұрсын, ұғып болмайды. Күн сәулесі сепкен алтындай ма? Жоқ бетеге алтындай ма? Айдың әрі алтын, әрі гәуһарға ұсайтыны несі? Ол неге шалқыйды? Өлде жел толқытып тұр ма екен?! Талай сұлудың бөбегін көргеміз. Бірақ, бәрінің басы көкшенің (таудың) басындай «бұп-бұйра» екені есімізде жоқ. Мұны да жыйнаққа бекер қосқан. Дәл мыналардай болмаса да бұлдырлықтар «Байқалда» да кездеседі. Лирикалы өлеңдердің ішінде композициясы түзу, окыйғаға және суретке құрылған шығарма «Орал» деген өлең. Басқаларында бұл хасиет түгел кездесе бермейді.

Екіншіден, ақын: кейбір теңеу сөздерді аса шебер тауып алғыш болса да соны тозғанша, сілікпесі шыққанша пайдаланады. «Жалтылдап», «жарқ етіп», «қан соғыс», «сұрапыл», «жәннет», «дозак», «алтын», «нұр» деген сөздерді де автор аса көп пайдаланып жіберген.

Үшіншіден, ақын: «мен»ді көп айтады. Өз жүрегі өз «мені» арқылы жасаған жақсы шығармаларын жоғарыда атадық қой. Әйтсе де, осының келіссіз жерлері де жоқ емес. Орындары жерінде барынша жылы, лепті естілсе, жөнсіз жерінде барынша тұрпайы да естіледі. Біз соның орынсыз жерлеріне қарсымыз. «Талғар» деген өлеңінде:

«Тау жоқтай бұл дүниеде сенен артық,
Мен саған қарай бердім көп құмартып.
Қайтер ең қаһарлы хан, кәрі Талғар,
Бойыңнан ерлігінді алсам тартып», — дейді.

Әрине, мұнда жарқылдақ айтылған, ойнақы сөздер бар. «Мен»нің күшті болғысы келетінін көрсетеді. Бірақ, орынсыз, әншейін кеудем соқтық. Тау өрлігін Қасымға бермейді де, оған ешкім сенбейді де. Одан да поэзия қанатына отырып Талғардан да биік көтерілу керек еді. Пушкин атақты «Кавказ» деген өлеңінде таудан да биік тұр. Әлем сырды алдында ашық жатыр. Ал Қасым ақынның етекте тұрып Талғарды қорқытуы күлкі боп шыққан.

Төртіншіден, ақын: артық ойлап, заман окыйғасына терең бойлап, кейде сезімді билеп-төстеп отырып айтағандықтан, ағаттық жасайтын, қате пікір айтатын жері де бар. «Ұлы күтіс» деген өлеңін:

«Жараланған жауыздық қашты ақ боп,
Атылса екен тезірек ең соңғы оқ.
Әділ сағат, сын сағат сенсің жүрек,
Сезіп-біліп тұрсың ғой, қаттырақ соқ!» деп аяқтайды. «Атылса екен тезірек ең соңғы оқ». Бұл жеңісті аңсаған, тыныштық өмірді аңсаған солдаттың жақсы тілегі, жақсы ниеті. Оның үстіне 1944 жылы жазылған. Бірақ 1945 жылы жазылған «Женіс даусы» деген өлеңіндегі:

«Кетті атылып ақтық оқтар —
Кетті атылып ақтық ашу.
Кешегі қол — қанды шоқпар, (?)
Қызыл қанат ұсташы ту!» —

«Достарым қайда жүрсіндер?» — деген өлеңдер соғыстағы өмірге арналған.

Бұд өлеңдердің, әрине, бір-бірінен ерекшеліктері, түрлі кемшіліктері де бар. Бірақ, тұтас алғанда бәрі де жақсы. Ақын өз күйлерін шертіп отырып-ақ солдат сөзін (кейде түрпілігі де бар) солдат сезімін (кегін, қуанышын, сағынышын) шебер бере білген. Сондықтан да, шынайы поэзия боп шыққан, «Әшім», «Жылқайдар» деген өлеңдер (бұл екі өлең жеңілген неміс жерінде жүрген қазақ солдаттарына арналған) ақынның мысқылға, юморға да шеберлігін көрсетеді.

Ақынның соғыс тақырыбына жазылған көп жақсы өлеңдерінің ең биік шоқтығы «Абдолла». Бұл батырдың қанымен жазылған, әр сөзі оқ боп атылған, от боп шашылып тұрған оптимистік трагедия. Өлімді жеңіп өлген намысты, саналы совет жауынгерінің өшпес образы, ерлік гимні.

«— Құдірет күшті жер жиһанның
Қанатын бер қыран құстың,
Ашуын бер арыстанның,
Жүрегің бер жолбарыстың.
Күллі әлемнің ашу-кегі
Орна менің алдыма кеп,
Жау жолына атам сені
Бомба бол да жарыл жүрек!
Бар арманым, асқар тауым —

деп созып алған. Жалықтырады. Толқынды:

«Көк ала тарландай боп абалайды,
Алды орап, соңынан қуып, жағалайды.
Біресе ауға түскен шортандай боп,
Құйрықпен қайығымды сабалайды».

Шықпаған. Алғашқы шумақтағы «жардай» делінген толқын бұл арада тарланға ұқсап қалды. Бұл қай тарлан? Кәрі жүйрік пе? Қасқыр ма? Онда неге абалайды? Ал төбет бола қойса «тарлан» деумен оның қай өзгешелігін беріп отырмыз. 70 жол өлеңнің жартысынан көбі оқушыны шаршату үшін жазылған сыяқты. Қайықта бірге отырған қыз ауаның бұзылғанын айта келіп: «Толқынның ойнақтап жүр асау тайы» дейді. Құлаққа түрпідей тиеді. Толқынның «жуас» тайлары неғып жатыр екен? — деп еріксіз мырс етесін. «Жауынгер жырында» (22-бет):

«Жаркылдаса қанжарым,
Жар жүзіндей қараймын,
Астымдағы ат жалын
Жар шашындай тараймын,» — дейді.

Дөрекі айтылған, әресе, ақын нәзіктігі мен сыпайылығына жатпайды. «Армиясы Лениннің», «Бетпақ дала» деген өлеңдер барынша жансыз, барынша дәрменсіз жазылған. Белгілі композициясы да жоқ. Жыйнаққа бекер қосқан.

«Көкшетау» жақсы тақырып. Мұнда ақынның сұлу табиғат көрінісін, оның ғажап сырларын толқып жырлауына болатын еді. Ертерек жазылғандықтан ба, мына күйінде

дегені қанша ақындықпен айтылса да теріс соғып жатыр. Ақын жеңілдік, ұшқалақтық жасаған. Бұл шумақтың керексіз екендігі, әресе, 1948 жылы яғни жыйнақтың шығар жылында ескерілуі керек еді.

Әлі ақтық оқтар атылып болған жоқ. Өте мөте ақтық ашу сарқылған жоқ. Миллиондаған жанның төгілген қаны, тартқан азабы фашизмге деген біздің қаһарымызды қайрай түспесе кемітпейді. Кешегі «қанды шоқпар» болған қол да еш уақытта туын тастаған емес. Сондықтан, оған «туды қайта ұсташы» деудің де орны жоқ. Жеңген армия, жеңіс жолына қанатты туын қадай кетіп отырған. Мұны, әресе, солдат ақындар жақсы білулері керек. Америка, Англия империалистері жаңа соғыс өртің тұтандыруға аласұрып жатқаны бәрімізге мәлім. Сондықтан, совет ақындарының жыры сакшылдығын титтей де кемітуге мүмкін емес.

* * *

Қасымның жүйрік боларлық күші барлығы әбден анықталды. Жоғарыда аталған, аз да болса әңгіме болған жақсы шығармалары ақынның өскендігімен бірге өсе түсуінің керектігін де білдіреді. Күші бар ақынға енді ойлылық, өрелілік керек. Нажағай жаркылдаса «көл-көсір жауын келуі керек, артынша, жауынмен жер көгеруі тиіс. Жаркылдап көрінген ақын Қасымнан біз көпті, үлкенді күтеміз».

Ә. ТӘЖІБАЕВ.